

Букетов Қ.

Евней Букетовтың белгісіз қырлары / Қ.Букетов // Ақиқат. - 1992. - №6. - 65-70б.

Маған соңғы кезде «Евней Арыстанұлы металлург мамандығын қалай таңдады?» деген сауал жиі қойылатын болып жүр. Бұған: «ол өмір бойы металлург болуды армандады», - деп жауап берсем, шындықтан ауытқыған болар ем. Өйткені ол өзінің негізгі мамандығымен қатар гуманитарлық ғылымдармен де қызыға айналысты. Қарағанды Мемлекеттік университетінің студенттерімен болған бір кездесуде Евнейдің өзіне осындай сауал қойылғанда ол былай деп жауап берген еді: «Ауылдан білім жолына аттанғанымда тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімі болмақ ниетте едім. Бірақ астанаға келген соң айналамдағы ақылгөй достарым әдебиетпен кез-елген уақытта айналысуға болады» ден кеңес берді. Екіншіден жағдай биледі де құжаттарымды кен-металлургия институтына тапсырдым».

Ол кезде әрине Евнейдің металлург мамандығы жөнінде ептеген түсінігі ғана болатын. Кейіннен өз мамандығын құлай сүйгені соншалық, қаламынан туған «Досыма алты хат» шығармасының бас кейіпкері де ғалым адам болды. Қазір қарап отырсам, оның кейіпкерінің тағдыры да өзінікіне өте ұқсас екен. Сондықтан да кейде ол осы шығармасы арқылы болашақ ұрпаққа өз тағдырын айтып кеткендей болып көрінеді.

Ағам Евнейдің өмірі мен ғылымға сіңірген еңбегі туралы тиіп-қашып болса да азды-көпті айтылып та, жазылып та жүргендіктен, мен бұл естелігімде оның әдебиетке сіңірген еңбегі, өмірдегі небір белгісіз қырлары туралы ғана әңгімелемекпін.

Елуінші жылдардың басында Евней әдебиеттің сын саласында еңбек етті. Республикаға есімі белгілі көптеген қаламгерлердің шығармаларына жазған рецензиялары республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде, тағы басқа мерзімді басылымдарда жарияланды. Сондай мақалаларының бірі - «В.В.Маяковский шығармаларының қазақ тіліндегі аудармасы», «Қаһарлы қару» деп аталады. Бұл екі мақала да Маяковскийдің шығармашылығына арналған. Себебі Евней Маяковскийдің талантына табынып өткен адам. Оны әдеби мұраларынан аңғаруға болады. Ал өзі В.Маяковский шығармашылығын былай деп бағалайды: «Адамның ішкі сырын ақтарған көптеген өлеңдері мен поэмаларында ақынның кеңес азаматының социалистік өмірге ұмтылу жолындағы қиыншылықтары үшін, әсіресе өткен құлшылық өмірден қалған бойдағы бықсықтарды шығару үшін жан-тәнімен қиналғанын байқаймыз. Сондықтан да ақын жақсылық пен парасаттылық жолында кейде «Көз жасын қөл етін, шыбын жанын пидаетуге» дайын екенін білдіреді.

Мен бұл күнде уақыт табы сарғайтқан мына бір суретке қараймын да ойға шомамын. Суретте Евней клубтың шағын сахнасында Маяковскийдің «Совет паспорты туралы» өлеңін оқып тұр. Қолын сермеп, үлкен көздері аларыңқырап, шабыттанып тұрған алып денелі Евней осы бір қасқағым сәтте

Владимир Маяковскийдің өзіне ұқсан кеткендей болады. Ол дауылпаз ақынның өлеңдері мен поэмаларын жатқа айтатын. Сондықтан да өзінің сүйікті ақыны өлеңдерінің қазақ тіліне аударылғанына жайбарақат қарай алмайтын. «Тәржіма туралы ой» мақаласында Маяковскийді қазақша сөйлеткен қазақ ақындары Т.Жароков, С.Мәуленов, Қ.Бекқожин, Қ.Аманжолов, М.Әлімбаев тәржімаларына қеңінен талдау жасауы сондықтан. Аудармашылар ішінен Қ.Аманжоловтың тәржімасын аса жоғары бағалап қана қоймай, ондағы орын алған кемшіліктерді де жасырмай батыл айтады.

Елуінші жылдары Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлкесің дүниеге келіп, оқырмандар арасында жоғары бағасын алды. Евней осындай ойлы да озық шығармаға арнап «Достық бастауы» деген мақала жазды. Ол онда «романның өте көркем, шұрайлы тілмен жазылғандығын, автордың қазақ тілін өте жақсы білумен қатар, орыс әдебиетінің озық үлгілерінен де көп оқып үйренгендігін, сондай-ақ Андрей Быков, Михаил Неволи, шал Шило образдарының сәтті шыққандығын» ерекше атап көрсетеді.

Әсіресе, Мүсіреповтың Андрей Быковты қазақ жұмысшы табының қалыптасуына зор ықпал еткен елеулі тұлға екендігіне, оны типтік дәрежеге көтерген жазушы шеберлігіне тәнті болады. Сонымен бірге Бұланбай, Жабай, Шегірәлі сияқты қазақ жұмысшы табының өкілдері дәрежесіне қалай көтерілгендігін нақты мысалдар келтіре отырып көрсетеді.

Әрине, романда сәтті образдармен қатар солғын шыққан кейіпкерлер де бар. Ол - Елизавета Быкова. Евней оны былайша дәлелдейді: «Марксизм ілімі ол кезде жұрттың бәріне түсінікті болмады әрі кең тарамдады. Осы орайда Ғабит Мүсірепов Елизавета Быкованың образын сомдауда шындықтан алшақтау кеткен. Өйткені сол уақыттың қарама-қайшылығы, орыс зиялыларының революциялық жағдайдағы қарым-қатынасы мен рухани дүниесі солардың өкілі - Елизавета Быкованың бойынан көрінуі керек еді». Міне, жас аспирант атақты жазушының шығармасына шындық тұрғысынан осындай баға береді. Бұл әрине, оқырмандарды елең еткізді. «Мамандығы металлург адамның мынандай сын айтқанына жазушы Ғабит Мүсірепов қалай қарайды екен?» деп елеңдеп, құлақ тұрушілер де болды. Алайда парасатты жазушы дәлелді, салықалы пікірге қуанбаса ренжіген жоқ. Сол мақала шығысымен Ғабит аға Евнейге телефон соғып, үйіне келетінін айтты. Ол кезде Евней жатақханаға ұқсас бір бөлмелі үйде тұратын. Ардақты жазушының «үйіңе келемін» дегеніне Евней алғашында абдырауын абдыраса да қатты қуанды. Дереу жеңгем Зүбәйра Дүйсенқызы үшеуіміз үлкен қонақты кішкене пәтерде қарсы алу қамына кірістік.

Жас кезімнен-ақ Евнейдің арқасында қазақ зиялыларының озық ойлы адамдарымен, оның ішінде ақын-жазушылармен, әртістермен танысып, әңгімелерін естіп, тәлім-тәрбие алып өскен мен үшін Ғабит Мүсіреповтей көрнекті жазушының біздің үйімізге келуі естен кетпестей үлкен оқиға болды.

Ол кісі айтқан уақытында келді. Ғабит аға әсем киінген, әдемі, ширақ, толықтау келген адам екен. Көзінде қара көзілдірігі бар, жадағай костюм киіп, қолына портфель ұстапты. Келген бетте қазақтың ұлттық дәстүрі

бойынша отбасымыз бен туған-туысқандарымызды түгел сұрап шықты да Евнейдің қасында отырған мені нұсқап: «Бұл бала кім?» деп сұрады. Ол: «Туған інім болады» деген соң Ғабит аға маған қайта-қайта қарауын қойып, ашық әңгімеге көшті. Әртүрлі тақырыпта, күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде болып жатқан небір жағдайлар төңірегінде әңгіме қозғалды. Бейне бір екеуі бірін-бірі бұрыннан білетін ескі таныстар сияқты. Олардың ортақ таныстары да көп екен, әңгіме бітер емес. Бірақ әңгіменің бәрі шай үстінде, дастархан басында айтылды. Дастархан жиналған соң Ғабит аға портфелін ашып, одан «Оянған өлке» романын және Евнейдің мақаласы шыққан «Казахстанская правда» газетін алды. Содан олар романдағы әрбір кейіпкердің тағдыры мен іс-әрекеті туралы, әрбір сөйлемнің құрылымы жайлы ұзақ әңгімелесті. Кейбір тұстарда екеуінің арасында қызу нікір таласы туып, әркім өз ойын дәлелдеу үшін қызбалана сөйледі. Бірақ екеуі де мәдениеттілік пен сыпайылықтан асқан жоқ.

Сол күннен басталған кездесу кейіннен үлкен достыққа ұласты. Евней Ғабит ағамен кездесуді асыға күтіп, сағынып отыратын. Екі рет Қарқаралыда бірге дем алды. Әсем, сұлу Қарқаралы тауының етегінде, көк майса шалғын үстінде қос ағаның қатар отырып түскен суреттері сол күндердің өшпес белгісіндей.

Иә ақылшы ағаның өзі жоқ болғанымен артында жарияланғаны бар, жарияланбағаны бар дегендей мол мұрасы қалды. Олардың біразы алдағы күндерде жарық көрмекші. Таяуда мен оның архивін ақтарып отырып, қолыма «Әдебиет және өнер» (қазіргі «Жұлдыз») және «Қазақстан коммунисті» журналдарының 1953 жылғы сандарында жарияланған «Сын және библиография» атты мақаласын кездестірдім. Оқи отырып ойға кеттім. Осыдан 35 жыл бұрын жазылған мақаланың көтеріп отырған мәселесі бүгін де көк ейтесті.

Евней әдебиеттің мақсаты озық идеяларды дәріптеп, патриотизмді, пролетарлық интернационализмді, халықтар достығын адамдар бойына ұялату деп түсінетін. Сондықтан да ол сын мен библиографияны идеология майданының маңызды саласы дей отырып, оған өзі де мүмкіндігінше үлес қосты. Сөйтіп өз өмірінде жиырмадан астам сын-мақала жазды. Олар тандамалы жинақтарға, жазушылар мен ақындардың жекелеген шығармаларына, балалар әдебиеті мәселелеріне, драматургияның дамуына арналған еді. Мысалы Тайыр Жароковтың шығармашылығына талдау жасай келіп, кемшіліктерін бүкпесіз, ашық көрсетеді. «Т.Жароков творчествосында орын алған олқылықтар кезінде ақын шығармаларына дұрыс баға берілмегендіктен, жетістігін көрсетумен бірге кемшілігін айтпағандықтан, содан ақынның өзіне-өзі тоқмейілсіп кетуінен, маркстік-лениндік ілімді жетік меңгермегендіктен» деген пікір айтады.

Елуінші жылдары жазылған сын-мақалалар ішінен ерекше орын алғаны Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романына жазылған мақалалар болды.

Бірақ олардың көпшілігі шығарманың мазмұнын сыдыртып айтып шығудан аспады. Евней сын-мақалалардағы осындай ең басты кемшілікті жоғарыда аты аталған мақаласында батыл айта келіп, кейіпкерлердің сезім

катпарларын, жан-дүниесінің өсуін көрсетудегі психологиялық иірімдерінің қалай беріліп, суреттелгеніне терең талдау жасау керектігін, қазақ әдебиетінде сын мен библиография деңгейінің әдебиеттен өте төмен жатқанын ескертті.

Евней елуінші жылдары әдебиеттің драматургия жанрымен де айналысты. Ол қазақ және орыс драма театрларының сахналарында қойылған спектакльдерге баға беріп, көн сын жазды. Солардың бірі С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов», Ә.Тәжібаевтың «Майра», З.Шашкин мен М.Гольдблаттың «Тоқаш Бокин», Ш.Құсайыновтың «Кеше мен бүгін» спектакльдеріне жазған сын-мақалалары. Айталық, қазақ халқының ойшыл азаматы Шоқан Уәлихановтың өміріне арналған пьесаға әділ баға беру үшін Евней ең алдымен Сәбит Мұқановтың шығармашылығын толық зерттейді. Жазушы қаламынан туындаған әрбір шығарманы бір-бірімен байланыстыра отырып, содан кейін ғана жоғарыда аталған пьесаға тоқталады. Мұнда ол Шоқан образының дамуын, оның іс-әрекетін, өсу кезеңін үш салаға бөле отырып талдайды. Шоқан басындағы қарама-қайшылығы мол оқиғаларды қазақ халқының тағдырымен байланыстары отырып зерттейді. Алғашқы саласында Евней Шоқанның жастық шағын әңгімелей отырып, қазақ халқының мұң-мұқтажын патша әкімшілігі түсінер, сөйтін қайырымдылықпен қарар деген сенім мен үмітте жүрген жас ғалымның ішкі жан-дүниесін ашып көрсетеді. Ал, пьесаның екінші тарауында Шоқанға білім беріп, қызмет дәрежесінің өсуіне көмектескен, бірақ та өздерінің «қол баласы» болады деп сенім артқан адамдар үмітінің үзілгендігі баяндалады. Үшінші тарау орыс пен қазақ халқының арасындағы ұлы достыққа арналған.

Жалпы алғанда бұл спектакльдің қойылуы көрермендер көңілінен шыққан болатын. Сөйтсе де Евней сынында бірқатар кемшіліктер атап көрсетіледі. Мысалы, пьесадағы қосалқы кейіпкерлердің көптігі оқиғаның жинақы, ширақ өтуіне кедергі жасайды және басқа образдардың сомдалуында да қарама-қайшылықтар кездеседі. Шоқанның орыс достарының бірі, географ әрі саяхатшы П.Семенов-Тяньшаньский мен С.Дуровтың образдары сәтті шықпаған. Евней бұл жерде басты кінәні ең алдымен авторға артады. Оның пікірінше, автор бұл сияқты орыс халқының озық ойлы үлгілі өкілдерін ерекшелеп, даралап көрсетуі керек еді. Сонда ғана олар арқылы Шоқанның да бет-бейнесі ашыла түсер еді.

1955 жылдың басында Евнейдің «Назым-Хикметтің «Махаббат туралы аңыз» қазақ сахнасында» деген мақаласы жарық көрді. Сыншы оның қойылымына толық талдау жасай келіп, суретші В.Голубовичтің еңбегіне кеңінен тоқталды. Режиссердің ойын, автордың идеясын дұрыс түсінген суретші сахнаны бейне бір сұлулыққа, әдемілікке бөлеп жіберген. Сахнадағы сан түсті бояулар ертегідегідей көз тартады. Осыларды айта келіп, Евней «Фархад пен Шырын» қазақ драма театры коллективінің өскендігін ғана емес, олардың шығармашылық мүмкіндігін танытқан жаңа жұмыс болды дейді.

Ол осы жылдың ақпанында Ш.Құсайыновтың «Кеше мен бүгін» пьесасының қойылуына орай «Өмірдің өзекті тақырыбы» деген мақала

жазды. Онда Евней қазақ халқы мәдениетінің, оның ішінде ұлттық зиялылар қатарының өскендігін көрсетуге ұмтылған автордың талпынысын қуана құптай отырып, осы тұрғыда жылы пікірлер айтады.

Мұнан соң Евнейдің «Тоқаш Бокин туралы пьеса орыс сахнасында» деген рецензиясы дүниеге келді. Мұнда ол автордың айтпақ болған идеясының маңыздылығын, халық ерлігінің шыншылдығын, кеңес өкіметін орнату жолындағы орыс пен қазақ халқының күресін айта келіп, шығармада автордың алға қойған мақсатының орындалғанын баяндайды. Бірақ басты кемшілік орыс актерлерінің қазақтар бейнесін сомдауда ұлттық психология мен салт-дәстүрлерді жетік түсінбегендіктен, сахнада оны дұрыс көрсете алмағанын бүкпесіз айтады.

Бұдан кейін Евней мұндай сындарлы сын тақырыбына ұзақ уақыт қалам тартпады. Оның себебін естеліктерінде былайша түсіндіреді: «Өзіңнің әдебиеттегі алғашқы жұмыстарыңа қалай қарайсың? дегендей сауал қойылған болса, «жақсы» деп жауап берген болар ем. Әдебиет саласындағы алғашқы еңбектерім аудармалар мен рецензиялардан тұрады. Әрине, олар еріккеннің ермегінен жазылған емес, қажеттіліктен туған дүниелер. Аудармамен айналысудағы басты мақсатым орыс және шетел жазушыларының озық шығармаларын орыс тілін білмейтін қазақ оқырмандарына жеткізу болды. Бұл жұмыс маған үлкен қуаныш әкеліп, ерекше бір рахат сезіміне бөлейтін еді. Сондықтан оны бастауын бастасам да, тез тастап кете алмадым. Бірақ аудармамен айналысу оңай шаруа емес. Ол үлкен қажыр-қайратты, талмай ізденуді, терең білімді талап етеді. Ал сын саласында айтқан ойларымды қайталай бастағанымды аңғардым да, сын жазуды дереу доғардым. Біріншіден өзімді, екіншіден өзгені алдағым келмеді».

Есіме мына бір оқиға түсіп отыр. Ұмытпасам 1955 жыл болу керек. Бір күні Евнейді Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті шақырып, «Литературная газетаның» республикадағы меншікті тілшісі болуын сұрады. Бірақ Евней өз мамандығын ұнататындығын, осы салада ғылыми жұмыс жүргізгісі келетінін айтып, бірден бас тартты. Дегенмен ол өзінің ғылыми еңбегін әдебиетпен ұштастыруды ұмытқан жоқ. Аударма саласына да біршама үлес қосты. Оның бұл саладағы ең сүбелі еңбегі И.Василенконың «Артемкасы» болатын. Бұдан кейін Э.Золяның әңгімелерін, белгілі болгар классигі И.Вазовтың «Езгіде», В.Маяковскийдің «Қандала» пьесаларын аударып, қазақ әдебиетінің аударма саласына өзіндік үлес қосты. Бұл еңбектердің бәрі 1955-1959 жылдар аралығында кітап болып жарыққа шықты.

Алайда осыдан кейін Евней әдебиет саласындағы қызметін он жылға жуық саябырлатты. Оның себебін күнделіктерінде былай деп түсіндіреді: «Өзіңді өзің жеңген де бақыт екен. Әдебиет саласындағы жұмыстарыма өзімнен-өзім күмәндана бастадым, ой-пікір қайталаулар көбейіп бара жатқандай сезілді.

Содан өзімді-өзім тынығу керек деп сендірдім, бірақ мәңгілікке қоштасып кете алмады. Тың ойлар туындап, білімім молайған кездері еріксіз қалам ұстауға қайта асықтым. Сөйтсем мен үшін жазу рухани қажеттілікке айналып үлгерген екен. Білгенімді қағазға түсірдім, ендігі оның тағдыры, құрметті

оқырман, сенің қолыңда. Дегенмен әдебиет саласындағы творчестволық жұмысымның біраз жыл тоқырауына Қазақтың кен-металлургия институтында оқу бөлімінің проректоры, одан кейін Қарағанды химия металлургия ғылыми-зерттеу институтының директоры міндетін атқаруым әсер етпей қойған жоқ».

Осы жылдар ішінде Евней ғылыми жұмысын аяқтап, докторлық диссертация қорғады. Содан 1962 жылы ғана әдебиетке қайта оралды. Демалыста жатып С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасын аударды. Ол көп ұзамай облыстық «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінде жарияланды. Кейіннен «Менің махаббатым» болып жарық көрді.

Евней өз өмірінде біраз шетелдерде болды. Соның ішіндегі елеулі сапары - Канададағы Монреальда өткен Дүниежүзілік көрмеге қазақстандық делегация құрамында баруы еді. Одан оралысымен «Канада әсерлері» деген сапарнама жазды. Ол да «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрді. Ол өз мақаласына эпиграф етіп өзінің сүйікті ақыны В.Маяковскийдің «Мен қалай Американы таныдым» деген өлеңі жолдарын алған еді. Бұл сапар жайлы айту үшін тағы да Евнейдің өз пікіріне жүгінейік: «...Мен социализм дәуірінде дүниеге келдім. Сондықтан өзім өз болғалы нағыз капиталисті көрген емеспін. Олар менің түсінігімше осыдан миллион жыл бұрын өмір сүрген мамонттар мен ихтиозаврлардан бірде бір кем емес. Әрине, бұл менің тарапымнан асыра айтқандықтан болар. Дегенмен Канадаға барасың дегенде осы ойдың үшқын бергені анық еді». Одан әрі ол канадалықтар өмірінің жақсы және жаман жақтарын таразылай отырып, селолары мен қалаларындағы ұқыпты тазалықты, ауыл шаруашылығын ұйымдастырудағы ұтқырлығын, шаруақорлығын тамсана отырып әңгімелейді.

Евней әдебиет саласындағы қызметін өмірінің соңғы кезеңіне дейін жалғастырды. 1969 жылы қазақ халқының ардақты ұлы, КСРО Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына арнап жазған очеркі орыс және қазақ тілдерінде басылып шықты. Қаныш аға жайлы ол бұрын да жазып жүретін, «Жазушы» баспасынан 1975 жылы «Атан комында туған Адам» деген кітабы жарық көрді. Онда ол өнер, білім, мәдениет туралы әр жырлары жазған ой-толғаныстарымен қоса қазақтың белгілі ғалымдары Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Ишанбай Қарағұлов, Әбіқан Бектұровтардың творчестволық ізденістерін, талғам-танымын, тапқан жаңалықтарын шұрайлы тілмен әсерлі әңгімелейді. Осы кітапта Евней әдебиет мәселелеріне ойысып, оның ішінде әсіресе, ақындық өнер, ақындық дарын хақында өз түсінігін оқырмандармен бөліседі.

Кітаптың алғашқы беті А.Некрасовтың «Басқа дәстүр, өзге көрініс боларын мен сеземін...» деген қанатты сөзімен ашылады. Осының өзі-ақ бұл кітапта Евнейдің айтар ойын алдын ала паш етіп тұрғандай.

Евней қазақ даласына Ресейден келген саяси тұтқын А.Янушкевичтің кейіннен казак, халқы жайлы айтқан мына бір пікірін өз кітабына енгізіпті: «... Ойпырмау, осының бәрін мен ең даладағы тағы, жабайы деп сипаттама берілген халықтан өз құлағыммен естідім бе? Бұдан бірнеше күн бұрын екі

топтың өзара айтысқанын көріп, өмірі Цицерон мен Демосфеннің атын естіп көрмеген шешендердің сөзіне таң қалғандықтан қол шапалақтап едім. Енді міне бүгін менің алдымда не оқуды, не жазуды білмейтін, бірақ өздерінің дарынымен таң қалдырған ақындар өз өлеңдерін оқып отыр. Бұлардың өлеңі менің жан жүрегіме бойлай жетіп, көп нәрсені сездіргендей. Мал бағудан басқаны білмейтін, тағы халық дегені осы ма? Жоқ! Жаратушымыз мынадай қабілет пен дарын берген халық өркениеттен аулақ қалуға тиісті емес. Оның рухы күндердің күнінде қазақтың ен даласына келеді, мұнда да жарық сәуленің оты тұтанады». Евней бұл пікірді өзінің кітабына бекерден-бекер емес, басқа ұлттың алдыңғы қатарлы тонтары өкілінің қазақ халқына деген ілтипаты мен достығын көрсету мақсатында алып отыр. Мұның бүгінгі жастар мен болашақ ұрпақты интернационалдық рухта тәрбиелеуде ықпалы зор деп түсінемін.

Орыс халқының ұлы ғалымы Дмитрий Иванович Менделеев жайлы да жоғарыда аталған кітапта біраз айтылады. Евней өзінің яғни металлург-химик болуына тәлімгер ұстаздарымен қатар Дмитрий Ивановичтің өнегелі өмірі де көп әсер еткенін жасырмайды. Ол жастайынан Менделеевтің ғылыми еңбектері мен ашқан жаңалықтарын құмарта оқи отырып. Оның өмір жолына да үңіледі. Евнейге Дмитрий Ивановичтің бір істі қолға алса тындырмай қоймайтын мақсаттылығы, теория мен іс тәжірибесін ұштастыра білетін ұтқырлығы, мінезіндегі қажыр мен қайрат, айналасына қызығушылығының молдығы қатты ұнайтын. Тіпті кейде біреулермен әңгімелескенде Менделеев өмірінен мысалдар келтіретіп. Бірде оның былай дегені бар: «Мен ұйқымнан бүгін өте қуанышты сезімде тұрдым. Себебі түсімде Менделеевтің ашқан жаңа кестесін мен ашыппын деп ойлаймын. «Жақсыдан — шарапат» дегендей, түс болса да қуанып қалдым».

1978 жылы ағамның «Жарқын тағдыр кезеңі» повесін «Простор» журналы басып шығарды. Шығармада жас ғалымның ғылымға келу жолы баяндалады. Ақиқатқа жүгінсек, оның шығармаларының оқиғасы оқырманды бірден өзіне баурап әкетпейді. Бірақ бірте-бірте жазушы ойының тереңдігіне көзіңіз жетеді де, қым-қиғаш оқиға желісіне өзіңіздің де ілесіп кеткеніңізді сезбей қаласыз.

Кейіннен Евней осы шығармасына қайта оралып, оның атын «Досқа алты хат» деп өзгертті. Онда ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас, ғылым жолында кездесетін небір қиыншылықтар, адамдардың мінез-құлқындағы түрлі қақтығыстар жайлы терең толғаныспен жазылады. Оқиға негізінен Орталық Қазақстандағы ғылым ошағы химия-металлургия институтында өтеді. Повесть қазақ және орыс тілінде жазылған. 1989 жылы «Жалын» баспасынан орыс тілінде жарық көрді.

Евней өз өмірінде қазақ халқының екі ардақты ұлы Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтбаев туралы көркем шығарма жазсам деп армандап жүретін.

Осыған орай олардың өмірін біраз зерттеп, очерктер мен мақалалар да жазды. Шоқан Уәлиханов өмірі туралы жазған еңбегі Москваның «Советский писатель» баспасынан шыққан «Пути в незнаемое» деп аталатын сериялық жинаққа енді. Әрі өзі де осы альманахтың редакциялық алқа мүшесі болатын.

Бұл жинақ алдағы уақытта көптеген шет тіліне аударылып басылмақшы.

Ағамның орындалмай кеткен арманы көп. Солардың бірі Қаныш Сәтбаев туралы роман жазу еді. Евней оны бастауын бастағанмен, ақыр аяғына жеткізе алмай арманда кетті. Романның тек алғашқы бөлімін — «Ғалымның балалық шағын» ғана жазып үлгерді.

Жетпісінші жылдардың аяғында Евней аударма саласына қайта оралып В.Шекспирдің «Макбет», «Юлий Цезарь» шығармаларын аударды. Оның бұл аудармалары кейіннен Қарағанды, Шымкент, Қостанайдың облыстық драма театрлары сахналарында қойылды.

Қарағанды сахнасында «Макбеттің» қалай қойылғандығы әлі күнге дейін жадымда сақталып қалыпты. Режиссер Жақып Омаров екеуі Шекспирдің бүкіл шығармасына шолу жасап, сол кездегі уақыт тынысын, автордың айтпақ болған ойын дөп басып, дәл тануға тырысқандарын, сол үшін талмай ізденгендіктерінің сан рет куәгері болдым. Тіпті спектакль сахнаға тұңғыш рет қойылар күн жақындаған сайын театрға жиі барып, артистердің ойынын көріп мазасызданатын. Евней әсіресе артистердің әрбір сөзді дұрыс айтпайтындығына қатты күйініп, «сөз анық айтылмағандықтан, оның дәл мағынасы көрерменге жетпейді де өнердің нәрі бұзылады» деп отыратын.

Ақылшы ағам әрі ең жақын досым Евней туралы естелік жазу ойыма оралғаннан бері есімдері елге танымал, дүниежүзіне әйгілі адамдар өмірі жайлы жазылған немесе олар жазған естеліктерді көп оқитын болдым. Ондағы ойым аз да болса өзіме тәжірибе жинақтау болатын. Сондағы байқағаным - талантты, дарынды адамдардың дарынсыз пенделерден көрген қысастығы мен өмірдегі түрлі әділетсіздіктер. Оның себебін іздеп, әділетсіздікке күйінген кездерім де көп болды. Енді ойлап қарасам, күн мен түннің алмасуындай, әділдік пен әділетсіздіктің, таланттылар мен талантсыздардың өзара күресі де заңды нәрсе екен. Олардың арасында күрес болмаса даму да болмайтын сияқты. Менің осындай ойға келуіме ағам Евнейдің басынан өткен мына бір жағдай себепші болған еді.

Бірде республикалық «Ленинская смена» газетінде «В соавторстве с Хлестаковым» деген тақырыппен Евней жайлы мақала жарияланды. Қалай дегенмен де Евнейдің әділдігінің, талантының мысы басқан болуы керек, автор өз фамилиясын көрсетпей, бүркеншек атпен жазыпты. Мақала авторы Евнейді біраз найза ұшына түйреп, оның атына жанға бататындай жайсыз сөздер айтыпты. Сол күні бүкіл қала, қала берді республика көлемінде оны білетін адамдардың бәрі дерлік дүрлігіп, «мұнысы несі» дегендер де болды. өзіме де талайлар телефон соғып, мақаланың қандай мақсатпен жазылғандығын түсіне алмағандықтарын айтып, сұрақтың астына алды. Ал мен болсам күні бүгінге дейін Евнейдің сол күнгі мінез-құлқына, жігерлігіне таң қаламын. Сол күні Қарағанды облыстық драма театры жазушы Сәкен Жүнісовтың «Қысылғаннан қыз болдық» спектаклін қойған болатын. Сәкен Қарағандыға келді де, Евней екеуі театрға барды. Олардың қасында мен де бар едім. Спектакль басталғанға дейін екеуі сыртта біраз әңгімелесті. Ал жоғарыдағы мақаланы оқып келген жұртшылықтың Евнейдің сол күнгі мойымас мықтылығына, жігерлігіне таң қалғаны рас. Кездескен таныстарына

әдеттегідей мінез танытып, қалжындасты, әңгімелеріне араласып, хал-жағдай сұрасты. Ертеңінде-ақ «Евней Букетов мақаланы құлағына аспастан, театрға келіпті. Не деген мықты адам» деген сөздер қалада гу-гу естіліп жатты. Басқа тұрмақ менің өзім оның мықтылығына таң қалдым. Бірақ ол: «Менің ісім әділетті, оны көпшілік оқырман біледі» дегеннен басқа сөз айтпады.

Осы бір оқиға оны қамшылағандай болып, тер төгіп еңбек етті. Аз уақытта бұрынырақта бастаған «Досқа алты хатын» шапшаң аяқтады. Әдетте нағыз дарындылар өз бойындағы бар білімін халыққа беру үшін әділетсіздікпен күресе жүріп қол жеткізеді екен ғой. Евней де сондай тағдырды бастан өткерді.

Мен бұл естелігімде тағдыры шабыт пен шиеленіске толы болған, жан-жақты дарынды, қазіргі жарқын күндерді көре алмай кеткен Евней ағамның ғылымға сіңірген еңбегінен тыс көпшілік оқырмандарға онша таныс емес, әсіресе әдебиет пен өнер саласындағы белгісіз қырлары жөнінде біраз сыр шерттім. Өз туысым туралы асыра айтқым да келмейді, бірақ шынымды айтсам Евней сияқты сан қырлы күрделі тұлғаның бойындағы бар қасиетті жеткізуге шамамның жетпейтіндігін мойындаймын. Ағамның ой-өрісі Арканың саржайлауындай кең еді. Бұл жөнінде менен гөрі журналистер Б.Ыбыраев пен Г.Петров жазған «Қақтығыс» очеркінде, А.Сухотиннің «Ритмдер мен алгоритмдер» атты кітабында айтылған пікірлер толығырақ болар-ау деп ойлаймын. Мысалы, А.Сухотин М.Ломоносов, А.Бородин, В.Обручев сияқты ірі тұлғалар жайлы әңгімелей келіп, Е.Букетовке де тоқталады: «... Букетов болса ірі ғалым ғана емес, - ден жазады ол аталған кітабында, - көрнекті жазушы, өз тілінде бірқатар көркем шығармалар жазған әрі орыс пен батыс классиктерінің озық үлгілерін халқына таныстырған адам. В.Маяковскийдің өлеңдері, С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасы, Э.Золяның әңгімелері мен әлемдік өнердің тамаша нұсқалары республикаға Букетовтың аударуымен кең тараған».

Сөйткен Евнейді қатыгез ажал 1983 жылдың 15 желтоқсанында арамыздан алып кетті. Орны толмас қазаны оның достары, таныстары, көптеген әріптестері мен шәкірттері бөлісіп, қайғымызға ортақтасты. Олардың қайсысы болмасын оның адамгершілігін, қарапайымдылығын, ғұламалығын, мәдениеттілігін, тағы басқа да жақсы қасиеттерін еске алып әңгімеледі. Бұрындар Евнейді тек қана туған аға, жақсы дос ретінде есептеп келген мен енді оның республика ғылымының сан түрлі саласына, мәдениеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан азаматтығының жаңа сыр-қырларын ашып, өзге көзқараспен қарай бастадым. Бұдан соң ағамның есімін қайткен күнде де ел есінде мәңгілік қалдырудың қам-қарекетіне кірістім.

Тоқырау заманының тоңы жібіп, 1987 жылдан бастап облыстық, республикалық басылымдарда Е.Букетов туралы естеліктер жазыла бастады. Қарағанды химия-металлургия институты қабырғасына ескерткіш тақта ілінді. Қарағанды университетіне, туған совхозына оның есімі берілді. Университеттің 20 жылдығына орай оның мұражайы жабдықтала бастады. Евнейдің әдебиет саласындағы еңбектерін жариялау да қолға алынууда.

Академик Евней Букетовтың есімін ел есінде қалдыру жөнінде соңғы жылдары атқарылған жұмыстар, міне, осындай. Алдағы уақытта баспалар оның әдеби мұраларын жарыққа шығаруға қолдарынан келгенше көмектеседі деген сенімдемін. Өйткені ол біздің болашағымыз иелері үлесіне тиген аса мол дүние, зор қазына.

Buketov university